

## Республикада шетел тілдерін оқып-үйренуді жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 желтоқсан N 1479

1996 жылғы 27 маусымдағы Әкімдердің республикалық кеңесінде айтылған ұсыныстар мен ескертпелерді жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарына сәйкес ағылшын және басқа да шетел тілдерін оқыту бойынша жүргізіліп жатқан шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ағылшын және басқа да шетел тілдерін оқыту жөніндегі ұсынылып отырған шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық атқарушы органдары, облыстардың республикалық маңызы бар қалалар мен астаналардың әкімдері 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық санаттағы қызметкерлер арасында ағылшын және басқа да шетел тілдерін оқып-үйрену жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін курстар ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі шетел тілдерін оқытудың ғылыми-әдістемелік орталығын ұйымдастырын.

Орталық:

уақыт талабына және халықтың барлық жігінің сұранысын қанағаттандыруға сәйкес келетін сөздіктер, тілашарлар, шетел тілдерін жеделдетіп оқып-үйрену жөніндегі қуралдарды, жаңа бағдарламаларды әзірлеуді жүзеге асыруға;

шетел тілдерін оқыту әдістемесіндегі жетістіктерді: оқытудың жаңа модельдері мен технологияларын насиҳаттауға қызмет етеді деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы шетел тілдерін оқытудың көкейкесті мәселелері бойынша мақсатты зерттеулер ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттікпен келісім бойынша республика халқына ағылшын және басқа да шетел тілдерін жаппай оқытып-үйрету жөнінде арнайы хабарлар ұйымдастырын.

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мүдделі

министрліктермен, ведомстволармен, ұйымдармен, орталық және атқарушы органдармен бірлесе отырып Ағылшын және басқа да шетел тілдерін оқыту жөніндегі шаралар жоспарын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 4 желтоқсандағы  
N 1479 қаулысымен  
бекітілген

Ағылшын және басқа да шетел тілдерін оқыту  
жөніндегі шаралар жоспары

---

N	Мазмұны	Орындауға	Орындалу
p/c	жауаптылар	мерзімдері	

---

1	2		3		4
---	---	--	---	--	---

---

1. Қазақ мемлекеттік әлем Қазақстан 1996/97 оку тілдері университетінің Республикасының жылы жанынан шетел тілдерін Біліммині оқытудың ғылыми-әдістемелік орталығын үйімдастыру
2. Республика оқу орындары Облыстар әкімдері, 1996 жылдың базасында халықтың ересектер Қазақстан ІУ тоқсаны бөлігі арасында ағылшын Республикасының және басқа да шетел тілдерін Біліммині үйрету жөніндегі курстар үйімдастыру
3. Барлық ұлгідегі оқу орындары Қазақстан 1996-97 оку үшін шетел тілдері бойынша Республикасының жылы сөздіктер, оқу-әдістемелік Біліммині, Баспасөз әдебиеттер шығарудың және бұқаралық жоспарын әзірлеу және ақпарат істері жүзеге асыру жөніндегі ұлттық агенттігі (келісім бойынша)
4. Халықтың ересектер бөлігі Қазақстан 1997 жыл арасында ағылшын тілін Республикасының жеделдете және тереңдете Біліммині

үйретудің бағдарламасын

әзірлеу

5. Оқулықтардың жаңа буынын Бұл да сол 1996/97 оқу  
жасау жөнінде ғалымдардың, жылы  
жаңашыл-педагогтардың  
қатарынан шығармашылық  
ұйымдар ұйымдастыру
6. "Қазақстан мектептеріндегі Бұл да сол 1997 жыл  
шетел тілдері"  
оку-әдістемелік журналын  
басып шығаруды ұйымдастыру
7. Гимназиялардың, лицейлердің Бұл да сол тұрақты  
окушыларын, студенттерді, түрде  
оқытушыларды Англияға,  
Германияға, Францияға тіл  
тағылымдамасына жіберу
8. Ағылшын және неміс тілдері Бұл да сол 1996/97 оқу  
бойынша жоғары оқу арасында жылы  
олимпиада өткізу